



**6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған
Молдир Кудайбергеновна Койлыбаеваның
«Пробиотиігі бар коллагенді мембрананы алу технологиясы, биологиялық
зерттеу және стандарттау» тақырыбына жүргізілген диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы
Гульбарам Омаргазиевна Устенованың**


ШІКІРІ

Молдир Кудайбергеновна Койлыбаева «Фармация» магистрлік академиялық дәрежесін алғаннан кейін 2015 жылы 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша Қазақ Ұлттық медицина университетінің PhD-докторантурасына түсті. Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеу объектісі ретінде пробиотикалық қасиетке ие штаммдар және оның негізіндегі коллагенді мембраналардың оңтайлы құрамын, тиімді технологиясын және биофармацевтикалық зерттеулерінің негіздемесін жасау болып табылды.

Докторант М.К. Койлыбаева жаңа потенциалды дәрілік заттар жасау мақсатында жоғары продуценттік қасиетке ие *Bacillus spp.* туысына жататын штаммдарды бөліп алып және олардың морфологиялық, культурологиялық, биохимиялық қасиеттерін, қауіпсіздігін, патогенді және шартты патогенді микроағзаларға қарсы белсенділігін зерттеп және олардың негізінде коллагенді мембраналардың оңтайлы құрамы мен ұтымды технологиясын құрастырып және алынған дәрілік қалыптың сапасын бағалау және сақтау уақытындағы тұрақтылығын зерттеді.

Докторант М.К. Койлыбаева Гданьск Медициналық университетінде (Гданьск қ., Польша) ғылыми тағылымнан өтті. Ғылыми тағылым кезінде әртүрлі заманауи әдістер мен әдістемелермен зерттеу жүргізуді үйренді. Пробиотикалық қасиетке ие штаммдарды бөліп алып, алынған штаммдар негізінде пробиотикалық коллагенді мембраналардың оңтайлы құрамы мен ұтымды технологиясы құрастырылды. Алынған дәрілік құралды ҚР МФ талаптарына сәйкес стандарттап, нормативті құжаттар жасалынды.

Алынған нәтижелер интерпретацияланып, Scopus және Web of Science дерекқорларына индекстелетін 18th International multidisciplinary Scientific GeoConference SGEM және «Molecules» (Q2) халықаралық басылымдарында, сондай-ақ, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық ғылыми жинақтарында көрсетілген. PhD-докторантура бағдарламасы бойынша білім беру процесін игеру кезінде базалық және профильдік пәндерден терең білімін көрсетті. Оқу барысында докторант өзінің педагогикалық дағдыларын көрсете білді, бакалаврдың және магистр білім алушылардың ғылыми-жұмыстарын басқарып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып отырды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацевтикалық технология кафедрасы	Хаттама

М.К. Койлыбаева қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген. Докторант жауапкершілігі өте жоғары, профессорлық-оқытушы құрамы және білім алушылар арасында сыйлы.

Осылайша, Молдир Кудайбергеновна Койлыбаева орындаған диссертациялық жұмысының мақсаты және қойылған міндеттері орындалып, аяқталған сипаты бар. Алынған нәтижелердің жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, фармация саласына лайықты үлесі бар жұмыс болып табылады.

Жоғарыдағы пікірге байланысты диссертант 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылады.

Ғылыми кеңесші,
 Фармация ғылымдарының докторы,
 профессор



Г.О. Устенова